

**ҚР Білім және Ғылым Министрлігі
Алматы Технологиялық Университеті**

**Бизнес-жоспар
«Антикафе»**

Орындаған: Аяшева М., Амантай Ә.
Топ: МІЖМБ 14-11
Қабылдаған: Тоқбергенова Ұ.

Кафенің жаңа форматы — антикафелер елімізде көптеп ашылып жатқан мәдени демалыс орындары. Мәдени орын деуге себеп — онда дауыс көтеріп сөйлеуге, ішімдік ішуге тыйым салынған. Есесіне адамның интеллектуалды деңгейін көтеретін түрлі ойындар ойнауға болады. Антикафенің тағы бір артықшылығы — өз ақысын жылдам өтейтіндігінде дейді осы кәсіпте жүргендер

Ең алғашқы антикафе

«Еркін кеңестік» деп те аталатын бұл орын осыдан төрт жыл бұрын Мәскеуде пайда болған. Идея авторы — журналист әрі жазушы Иван Митин. Бірінші мәскеулік өзге форматтағы кафе «Дом на дереве» деп аталды. Ол жерде әркім қалағанынша шәй ішіп, кітап оқып отыра алатын болды. Ал, ақысы ретінде өзі қажет деп тапқан соманы тастап кете алатын болған еді. Сол тастап кеткен ақшалары орынды жалға алу құнын өтесе болды деген ұстаным болған. Иә, ол кезде бұл — бизнес көзі емес, әлеуметтік жоба ретінде бастау алған.



ЧЕМОДАН
ДЕНЕГ

ПРИНИМАЕТ ЛЮБЫЕ КУПЮРЫ
И ВЫДАЕТ СДАЧУ.

ДРУЗЬЯ!
У НАС НЕ КЛУБ
И НЕ КАФЕ.
ДОМ, СТУДИЯ, КОТО
РЫМЫ С ВАМИ АРЕН
ДУЕМ. ПОЖАЛУЙСТА,
АБЫВАЙТЕ ДЕЛАТЬ
ВАШ ВКЛАД, ИНАЧЕ
НАС ЗАКРОЮТ!

Жобаның талдауы:

Инвестициялық жобаның мақсаты:
антикафе ашу

Өнім: Қызмет көрсету саласы

Жобаның орташа құны: 7 416 000 теңге

Өтелу мерзімі: 1,5 жыл

Қарым-қатынас бөлмесі. Бұл жерде ойындар ойналады, достармен пікір-талас ұйымдастырып, кеңес өткізуге болады.

Ойын және шағын кинотеатр бөлмесі. Бұл бөлмеде ойын-сауық жасау үшін бәрі бар. Play Station, Xbox, кино көруге арналған үлкенірек экран және т.б. Сондай-ақ, музыкалық аппараттар да осы бөлмеде болады.

Оқу бөлмесі. Жоба бойынша оқуға арналған Kindle атты планшеттер алынады деп жоспарланған. Бұл жерде кітапхана жасалады. Сонымен бірге, бір шығарманы талқылау мақсатында әдеби кештер жасауға болады.

Енді бастапқы шығындармен таныстырайық:

Атауы	Саны	Бағасы, KZT	Жалпы құны, KZT
Sony PlayStation	3	100 000	300 000
Плазмалық теледидар	3	130 000	390 000
Үстел	3	80 000	240 000
Диван	6	110 000	660 000
Kindle Touch	10	45 000	450 000
Ноутбук	8	120 000	960 000
Тоңазытқыш	2	80 000	160 000
Кілем	3	50 000	150 000
Ыдыс-аяқтар	1	120 000	120 000
Принтер	1	40 000	40 000
Ас үй жабдығы	1	300 000	300 000
Жөндеу	1	1 500 000	1 500 000
Барлығы			5 270 000

Пайда мен залалдар туралы есепке көз жүгіртейік:

<i>Бап атауы</i>	<i>Сомасы, теңге</i>
<i>Қызмет көрсетуден түскен табыс</i>	12 600 000
<i>Жалпы және әкімшілік шығыстар</i>	7 416 000
<i>Әлеуметтік салық</i>	300 744
<i>Операциялық табыс</i>	4 883 256
<i>Корпоративтік табыс салығы</i>	378 000
<i>Таза пайда</i>	4 505 526

Қызмет көрсетуден түсетін табыс: Күніне 35 клиент келеді деп есептесек, $35 * 1000 = 35\ 000$ теңге, айына $35\ 000 * 30$ күн = $1\ 050\ 000$ теңге. Жылына $1\ 050\ 000 * 12$ ай = $12\ 600\ 000$ теңге.

Жалпы және әкімшілік шығыстар

Шығындар	Айына, теңге	Жылына, теңге
Еңбекке ақы төлеу	310 000	3 720 000
Бөлме-жайды жалға алу	250 000	3 000 000
Коммуналды төлемдер	30 000	360 000
Шәй мен тәттілер	10 000	120 000
Жарнама шығыстары	15 000	180 000
Басқа да болжанбаған шығыстар	3 000	36 000
Барлығы	618 000	7 416 000

Әлеуметтік салық

Жоба бастамашысы өзі үшін екі айлық көрсеткіш (АЕК) және әрбір қызметкер үшін бір АЕК мөлшерінде салық төлейді. Яғни, шамамен бұның көрінісі мынадай: $1\ 852$ теңге АЕК * 2 * 12 ай + $1\ 852$ теңге АЕК * 2 қызметкер * 12 ай = $88\ 896$ теңге. Міндетті зейнетақы жарналарын қоспағанда ($3\ 720$ мың теңге * $(1-10\%)$ * $5\ \%$ = $167\ 400$ теңге) әлеуметтік аударымдар еңбекақы сомасының $5\ \%$ -на тең.

Әлеуметтік салық көлемі: $133\ 344$ теңге

Әлеуметтік аударымдар: $167\ 400$ теңге

Еңбекақы төлеу жүйесі:

Лауазымы	Саны	Айына	Жылына
Ресепші	1	80 000	960 000
Менеджер	2	160 000	1 920 000
Тазалаушы	1	70 000	84 000
Барлығы	4	310 000	3 720 000

Салықтар және бюджеттік төлемдер

Жоба аясында пайдадан 3 % бойынша салық салу жүйесі негізінде корпоративтік табыс салығын төлейді, яғни 378,0 мың теңге (12,6 млн теңге*3 %).

Жобаның негізгі экономикалық көрсеткіштері:

жобаның жалпы инвестициялық көлемі — 7 416 000 теңге;

жылдық пайда — 4 396 800 теңге;

жобаның өтелу мерзімі — 1,5 жыл.

Жобаға ақшаны қайдан таба аламын?

- Еуразиялық даму банкі (ЕДБ) арқылы несие алуға болады. Қаржы есептері пайыздық мөлшерлемесі 14%, өтеу мерзімі 18 ай, өтеу мерзімі жарты жылға кешіктірілетін, содан кейін ай сайын тұрақты төлеп тұратын қарыз алу қажеттілігін айқындап отыр.
- «Жұмыспен қамту — 2020» бағдарламасын іске асыру аясында несиелендіру. Бағдарлама ауылдық жердегі тұрғындар үшін өз ісін ұйымдастыруға бюджет қаржатын бөлуді қарастырады.



**НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА
РАХМЕТ!!!**